

**«6D021200-Түркітану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Таджиев
Хамидулла Хабибуллаевичтің «Қазақжәнеөзбекәдебиеттеріндегіни-ағартушылық идеялардың көркембейнеленуі
(XIX ғасыр - XX ғасыр басы)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына
ресми рецензенттің
СЫН ПІКІРІ**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	<p>1.1 Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы, пәнаралық зерттеулер: Тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, дәстүрлер мен құндылықтардың ортақтығы.</p> <p>Әлем халықтары әдебиетінде ежелден-ақ түрлі жанрларда жазылған шығармаларда қоғамды түзеу, оның ажырамас бөлшегі болып табылатын «адамды» ізгілікке бастау, жаратылудағы асыл мақсатын түсіндіру масатында талай данышпандар мен ғалымдар енбек етті. Сондай тарихи үдеріс XIX ғасыр мен XX ғасырдың алғашқы ширегінде диссертант зерттеу нысанына алғып отырған, діні мен дәстүрі, мәдениеті мен әдебиеті ежелден біте қайнасып, жалғасып келе жатқан түркі текстес халықтардың бірде-екісі саналатын туыстас қазақ-өзбек халықтары әдебиетінде көрініс берді.</p> <p>XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы тарихи үдеріске ерекше улес қосқан, қазақ-өзбек халықтары арасынан шыққан көптеген ағартушы ғалымдар мен ақындар адамзатты ізгілікке бастаудағы негізгі идеяларын Орталық Азия және Қазақстан жерінде ежелден қалыптасқан «Иман», «Ислам», «Ихсан» дәстүрі негізінде таратуды мақсат еткенін ерекше атап өткен жөн.</p> <p>Осы түрғыда қазақ, өзбек, қырғыз, түрік, әзербайжан халықтары арасындағы әдеби байланыстардың ежелгі және ортағасырлық жазба мұралары біршама зерттелді, алайда XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы әдебиет кезеңі, ортақ үқастықтары мен ерекшеліктерін зерттеу мәселесі кенжелеп қалғаны рас. Демек, бұл зерттеу жұмысының маңыздылығы жоғары екенін байқатады.</p> <p>Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев Түркі дүниесіне қатысты ой-пікірлері</p>

			<p>отарлық кезеңдегі әдеби мұраларды зерттеуге негізделген әрі аталмыш тақырыптың маңыздылығын арттыра түсері анық. Жұмыстың тақырыбы мен мазмұны Ұлы дала тұлғаларын танып білуге және танытуға, ұлттық тарихи сананы жаңғыртуға, Мәңгілік ел мұрасын сақтауға бағытталған Мемлекеттік бағдарламалармен тығыз байланысты. «Мәдени мұра», «Рухани жаңғыру» бағдарламаларының ғылыми-практикалық негіздерін қалыптастыруға арналған іс-шаралардың жүзеге асыру мақсаттарындағы талаптардың суралыстарына толық жауап береді.</p>
		<p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен каржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атавы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атавы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Диссертация «Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы, пәнаралық зерттеулер: Тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, дәстүрлер мен құндылықтардың ортақтығы» бағытына сәйкес келеді.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	<p>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.</p>	<p>Жұмыс ғылымға елеулі үлес қосады. Диссертацияның құрылымы, тақырыптық-мазмұндық желісі жүйелі және ғылыми-теориялық түрғыдан дәлелді, орындау сапасы жоғары деңгейде көрінген және практикалық түрғыдан да өзекті мәселелерге арналған. Зерттеу нәтижесінде қол жеткізген түйіндер мен корытындылар нақтылығымен, ғылыми көзқарастарының тиянақтылығымен маңызды болып табылады.</p> <p>Диссертация нәтижелері жоғары оқу орындарының филология факультетінде оқытылатын салыстырмалы әдебиеттану пәні бойынша, сондай-ақ осы бағыттагы зерттеулерде, семинарлар мен практикалық курсарда қосымша материал ретінде пайдалануға болады.</p> <p>Жұмыстың ғылыми қорытындыларын тың деп есептеуге болады. Диссертациялық еңбек Түркітану ғылымының аясын көңейте түсетін іргелі еңбектердің қатарына жатады.</p>

			Сондай-ақ, жұмыстың ең маңызды тұсы - XIX ғасыр мен XX ғасыр басында діни-ағартушылық бағытта жазылған шығармалардың тақырыптық-идеялық және жанрлық сипатын анықтап, туыстас екі үлттың әдебиетіндегі «Иман», «Ислам» және «Ихсан» мәселелерінің шығарма арқауы болуы жұмыстың ғылыми маңыздылығын арттырары сөзсіз.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) тәмен; 4) өзі жазбаган	3. Жазу деңгейі жоғары
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негізdemесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	4.1 Диссертация өзектілігі дәлелді тұрғыда негізделген. Жұмыста жасалған тұжырымдар мен нәтижелер бір-бірімен өзектес ері сабактас болып, ішкі бірлігі дұрыс сақталған. Диссертацияның құрылымы мен мағыналық үйлесімі, мазмұндық желісі нақты ғылыми дәлелдемелермен берілген. Жұмыстың тиянақты ғылыми теориялық негізділігі мен қоргалатын диссертацияларға сай талап дәрежесінде екені анық.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1)айқындаиды; 2) жартылай айқындаиды; 3) айқындаамайды	4.2 Диссертация мазмұны жұмыстың тақырыбын нақты айқындаиды.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	4.3 Мақсаты мен міндеттері бір нысанага негізделінген және тақырыпқа сәйкес келеді.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылышы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	4.4 Ғылыми жұмыстың барлық бөлімдері мен құрылышы бір-бірімен логикалық тұрғыда толық байланысқан.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	4.5 Диссертация тақырыбы бойынша шешімдері дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып, сынни талдау жасалған. XIX ғасыр мен XX ғасыр басында қазақ-өзбек әдебиетінде қоғамды

	<p>1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>Ислам дінінің көмегімен ағартуды мақсат еткен әдебиет өкілдерінің шығармаларындағы діни-ағартушылық идеяларды ешбір идеологиялық қоспаларсыз, таза ғылыми көзқараспен талдау, осы кезеңнің тарихи-әлеуметтік сипатын ашып беру зерттеу жұмысының өзектілігі болып есептеледі.</p> <p>Сонғы жылдары ғана зерттеуші ғалымдар бұл мәселені зерттеуге кіріспі, діни мәселелердің әдебиеттегі көрінісі зерделеніп келеді. Алайда, оны да мінсіз деуге болмайды. Кейде шығарманың діни жағы басым тұстарына назар аударып, оның көркемдік жағы, ал, кейде керісінше әдеби туындының көркемдік жағына назар аударып, ондағы діни-ағартушылық идеяларды ұмытып кетіп жататын тұстары болады. Осы мәселелерді дереккөз ретінде алып, Құран Кәрім және Хадистер негізінде талдау жасау, сондай-ақ олардың әдебиетке жасаған әсерін, алып келген жаңалығын әдебиет теориясы түрғысынан бағалау зерттеу жұмысының құнды тұстары деп білеміз..</p> <p>Отарлық кезеңдегі қазақ-өзбек халықтары әдебиетіндегі діни-ағартушы ақындар көтерген ортақ тақырыптар салыстыру, жинақтау, сұрыптау, жүйелеу, тұжырымдау әдістері арқылы жүйеге салынып, «Иман», «Ислам», «Ихсан» мәселелерінің жырлану ерекшелігі алғаш рет кең көлемде қарастырылды.</p>
5.	<p>Ғылыми жаңашылдық принципі</p> <p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u> 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p> <p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа..Көрсетілген ғылыми нәтижелер мен қағидаттар ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесі мен қорытындысының нақтылығы жаңалық деңгейін көрсетеді.</p> <p>Жұмыстың ғылыми қорытындылары тың деп есептеуге болады. Диссертациялық еңбек салыстырмалы әдебиеттану ғылыминың аясын кеңейте түсетін іргелі еңбектердің қатарына жатады. Мәселен, зерттеу жұмысында зерделенген «Ислами әдебиет» термині Ислам дінінің тарихы мен мәдениетін, адамзат тарихындағы құндылығын насиҳаттап, Иләһи танымға негізделген, қоғамды ізгілікке үндейтін, кемел адам болуға шақыратын көркем шығармалардың жиынтығы екені қарастырылып отырған XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы ақындар шығармашылығы арқылы дәлелденген.</p>

		<p>Сондай-ақ, алғаш рет Таухид мәселесін яғни Алланың бірлігі мен бар болуын көркем сөзбен өрнектеген Үбірай, Абай, Шекерім, Шәді ақындар шығармалары тұстас халық өкілдері Сидки Хандайлиқи, Гиясиддин Гияси сынды ақындар поэзиясымен салыстырмалы түрде зерделенді. Эрине, пайғамбарлардың көркем әдебиетте бейнелену мәселесі зерттеу нысанына алынған ақындар шығармаларымен шектелмейтіні анық. Қазақ-өзбек халықтарының ұлттық әдебиеті тарихында, түркітану саласында бұл такырыптың бүгінге дейін ете аз зерттелгені нысанана алынды.</p> <p>Зерттеу жұмысында осы аталған такырыпта жазылған шығармаларды салыстыра талдау назарда болды. Атап айтқанда, Шәді Жәңгірұлы, Ақыт Үлімжіұлы, Мәшіүр Жусіп Көпейұлы, Жұсіпбек Шайхисламұлы сынды ақындардың арнайы шығармаларымен қатар өзбек шайырлары Мухайир, Хазини, Сидки, Баситхан Шашидың ғазалдары мен хикметтерінде «Ақыретке сену», оған осы өмірде кам жасау мәселелері діни танымдық, әдеби-теориялық түрғыда талданды.</p>	
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	Барлық шешімдері жаңа және зерттеу нәтижелеріне негізделген.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми түрғыдан қарағанда аукымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Негізгі қорытындылар дәлелденген және ғылыми дәлелдемелерге негізделген.
7.	Корғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді</p>	<p><u>1 – қағидат.</u> Қазақ-өзбек халықтарының дүниетанымындағы Құдайды тану ұғымына – рухани нәр алатын діни білім көздерінің ортақ болуы негіз болды.</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденген (1).</p> <p>7.2 Тривиалды емес (2).</p> <p>7.3 Жаңа болып табылады (1).</p> <p>Ислам діні түркі дүниесіне енгеннен бері мұсылман саналатын</p>

	<p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия; 2) жок</p> <p>7.3 Жана ма?</p> <p>1) ия; 2) жок</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар; 2) орташа; 3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия; 2) жок</p>	<p>казақ, езбек халықтары имани сенімдерінің беріктігінің арқасында өзге сенімді қабылдаған жоқ. Ал, ақындар орыс отаршылдығына қарсы қарумен емес, қаламының ұшымен күресті. Содан шоқындыру саясатына бірде күштеп, кейде айла-тәсілмен қарсы шықты. Олар не жазса да, не жырласа да такырыбы – «иман», «ислам», «ихсан» болды. Себебі олар империализмге қарсы бірден-бір құрал-күшті имани сенім деп ұқты. Бұл қағидаты жаңа.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі кең (3)</p> <p>7.5 Басылып шыққан ғылыми мақалаларда дәлелденген (1).</p> <p><u>2 – қағидат.</u> XIX ғасырдың соңғы ширегінен бастап Орталық Азия мен Қазақстан жерінде жәдидтік көзқарастардың қалыптасуы негізінде түркілік, мұсылмандық бірлік идеялары ерекше дамыды.</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденген (1).</p> <p>7.2 Тривиалды емес (2).</p> <p>7.3 Жана болып табылады (1).</p> <p>Жалпы, ислам дінін негізге алып, оның мән-мағынасына терең үніле отырып, математика, география, тіл, тарих сияқты әлем халықтарына ортақ зайырлы ғылымдарды оқып үйренуді қолға алу бұл кезенде жәдидтік танымдағы оқымыстылардың басты ұстанымына айналды. Кез келген азамат діни біліммен катар дуниелік ғылымды қатар менгерсе, әркім өзінің қабілеті шегінде қоғамға пайдасын тигізсе, қоғамда әрі рухани кемел, әрі зайырлы ғылымды игерген тұлғалар қалыптасады. Соның нәтижесінде тубі бір түркі халықтарының бірлігі дамып, мұсылмандық идеялардың жаңғыратыны сол кезеңдегі оқымыстылардың ғылыми тұжырымдары арқылы пайымдалған.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі кең (3)</p> <p>7.5 Басылып шыққан ғылыми мақалаларда дәлелденген (1).</p> <p><u>3 – қағидат.</u> Өлкенің капиталистік жүйеге ауысуы білім көздерінің жаңғыруы, баспа жұмыстарының жандануының арқасында ислами әдеби шығармалардың көптеп жазылуы қазақ-өзбек халықтары арасындағы рухани тұтастықтың жаңғыруына итермеледі.</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденген (1).</p> <p>7.2 Тривиалды емес (2).</p> <p>7.3 Жана (1).</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі кең (3)</p>
--	--	--

7.5 Басылып шыққан ғылыми мақалаларда дәлелденген (1).

4 – қағидат. Тұыстас екі халыктың өмірлік дәстүріне айналған, отарлауға қарсы күресетін бірден-бір рухани күш Ислам діні болды. Осы рухани күш аясында жазылған ислами-әдеби шығармалар қоғамдық гуманистік идеялардың негізіне айналды.

7.1 Қағидат дәлелденген (1).

7.2 Тривиалды емес (2).

7.3 Жаңа (1).

Ислам мәдениеті төңірегінде бірлескен қазақ-өзбек халықтары әдеби мұраларының дені діни-агартушылық һәм сопылық бағытта жазылған танымдық шығармалардан тұратыны зерттеу жұмысында дәйекті дәлелдермен тұжырымдалған.

7.4 Қолдану деңгейі кең (3)

7.5 Басылып шыққан ғылыми мақалаларда дәлелденген (1).

5 – қағидат. Орта ғасырлардан бастау алған ислами әдебиет XIX ғасырдың соңымен XX ғасыр басында ерекше даму жолына еніп, белгілі бір жүйеге түсті.

7.1 Қағидат дәлелденген (1).

7.2 Тривиалды емес (2).

7.3 Жаңа (1).

7.4 Қолдану деңгейі кең (3)

7.5 Басылып шыққан ғылыми мақалаларда дәлелденген (1).

6 – қағидат. Ислами-әдеби шығармалар түрленіп, бағзы бірлері жанрлық сипатқа ие бола бастады. Атап айтқанда «Пайғамбарлар тарихы», «Кіяметнама», «Мигражнама», «Мәуліт-шәриф», «Әрбәйін» сынды дәстүрлі даму жолына түсken шығармалар бұл кезеңде өзінің жанрлық сипатымен көрініс бере бастады.

7.1 Қағидат дәлелденген (1).

7.2 Тривиалды емес (2).

7.3 Жаңа (1).

Асылы, пайғамбарлар тарихынә Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.у.) өміріндегі елеулі оқиғаларды жырға косу дәстүрі діни агартушықындар шығармаларында жиі кездеседі. Ислами әдебиетте қысқа сюжетті, мағынасы тереносында шығармалардың көптеп жазылуы олардың әдеби жанр деңгейіне жеткені зерттеу жұмысында нақты деректермен дәйектелді. Мәселен,

			<p>Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.а.у.) дүниеге келуі жайлы жазылған шығармалар желісі «Мәуліт Нәби» немесе Расул Алланың (с.а.у.) өміріндегі мұғжизалы оқиғалардың бірі «Миграж оқиғасы» жайлы жазылған шығармалар, сонымен бірге Алла елшісінің (с.а.у.) қырық хадисін өлең арқылы насиҳаттауды мақсат еткен шығармалар негізінде түркі халықтары әдебиет тарихында қалыптасқан жанрлардың бірі «Әрбагин» жанрында жазылған шығармаларды талдау арқылы дәлелдейді.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі кен (3)</p> <p>7.5 Басылып шыққан ғылыми мақалаларда дәлелденген (1).</p> <p><u>7 – қағидат.</u> Қазақ әдебиетінде Ислам діні тарихын поэзия үлгісімен өрнектеген авторлық қисса-дастандар жазу дәстүрге айналса, өзбек әдебиетінде бұл дәстүр ғазал, хикмет, мухаммас, мусадdas, таржиг банд, т.б үлгілерімен жазылған шығармалармен көрініс берді.</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденген (1).</p> <p>7.2 Тривиалды емес (2).</p> <p>7.3 Жана (1).</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі кен (3)</p> <p>7.5 Басылып шыққан ғылыми мақалаларда дәлелденген (1).</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің тандауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жок	8.1 Иә. Әдістеменің тандауы: негізделген
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өндөу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жок	8.2 Иә. Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өндөу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және занылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін	8.3 Диссертациялық жұмыстың теориялық қорытындылары мен тұжырымдары белгілі дәрежеде экспериментті зерттеулермен дәлелденді және расталды

		<p>нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жок 	
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>8.4 Жұмыста көрсетілген маңызды мәлімдемелер көкейтесті және нақты ғылыми әдебиеттер сілтемелермен расталған.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз</p>	<p>8.5 Такырыпқа сәйкес пайдаланылған әдебиеттер тізімі нақты әрі жеткілікті қолданылған.</p>
9	Практикалық құндылық принципі	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жок 	<p>9.1 Иә. XIX ғасыр мен XX ғасырдың басындағы қазақ-өзбек халықтары әдебиетінің тұтас қарастырылуы, ондағы саяси-әлеуметтік, мәдени-діни бағыттарындағы ортақ сипаттардың айқындалуы зерттеу жұмысының теориялық маңызының құнды екенін білдіреді.</p> <p>Тұыстас қазақ-өзбек халықтарының көркем әдеби шығармаларындағы иман шарттарының жырлануы, «Гаухид» мәселесі, «Пайғамбарлардың әдеби бейнесі», «Киямет қайым мәселелерінің көркем әдебиеттегі көріністері», сондай-ақ «Шаригат шарттары» мен «Ихсан» мәселелерінің жырлану ерекшелігі бүгінге дейінгі ғылыми айналамға түспеген. Демек, аргы-бергі әдебиетте бұл тақырыптардың туркітану түргысынан тұтас қарастырылуы зерттеу жұмысының теориялық маңызын арттырады.</p>
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жок 	<p>9.2 Иә. Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Зерттеу енбегінің нәтижесінде қол жеткізген тұжырымдар мен түйінді корытындыларды қазақ әдебиеті тарихы бойынша өтетін дәрістер, симинарлық сабактар, арнайы курстарда қосымша оку материалы есебінде ұсынуға және орта, арнайы, жоғары мектеп оқулықтарын, оку құралдары, әдебиет тарихын жазуда пайдалануға толық болады.</p>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толығымен жаңа; 	<p>9.3 Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа</p>

		2) жартылайжана (25-75% жаңаболыптабылады); 3) жанаемес (25% кем жаңаболыптабылады)	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Ғылыми жұмыс жоғары деңгейде әрі ғылыми стилде жазылған.

Докторант Таджиев Хамидулла Хабибуллаевич «6D021200-Түркітану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайық деген ұсыныс білдіремін.

Ресми рецензент:



Alwyn

**Павлодар педагогикалық университеті,
филология ғылымдарының докторы, профессор
Сұтжанов Сейфитден Назымбекұлы**

